

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№216

2017 жылғы 08 желтоқсан

**Облыстық мәслихаттың кезекті
он бесінші сессиясы жалпы
отырысының күн тәртібі туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті он бесінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.

*Хабарламашы: О.М.Смағұлов - экономика және
бюджеттік жоспарлау басқармасының
басшысы*

2. «2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №72 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: О.М.Смағұлов - экономика және
бюджеттік жоспарлау басқармасының
басшысы*

3. «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау Қағидаларын бекіту туралы» облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Хабарламашы: І.С.Испанов – Ақтөбе қаласының әкімі

4. Облыстық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер мен этика, заңдылық, құқық тәртібі мәселелері және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

5. Облыстық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

6. Облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

7. Облыстық мәслихаттың аграрлық мәселелер, экология және табиғатты пайдалану жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

8. Облыстық мәслихаттың құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

9. «Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту Бағдарламасы туралы» облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №361 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

10. Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы.

Хабарламашы: О.М.Смағұлов - экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы

11. Облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоқсандағы №171 «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде дәрілік заттарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен қосымша тегін беру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Хабарламашы: Ә.Ә.Қалиев - денсаулық сақтау басқармасының басшысы

12. Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы.

13. «Ақтөбе облысының Құрметті азаматы» атағын беру туралы.

Хабарламашы: Е.Ж.Нұрғалиев – облыс әкімінің орынбасары

14. №28 Қобда сайлау округі бойынша облыстық мәслихаттың депутатын сайлау қорытындылары туралы.

15. «Ақтөбе облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелерін сайлау туралы» облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 3 сәуірдегі №210 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

16. Ақтөбе облыстық мәслихатының 2018 жылға арналған жұмыс жоспары туралы.

17. Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штат кестесі, қызмет автомашиналарының лимиті туралы.

18. «Инвесторлар тарту мен инвестициялық ахуалды жақсартуға бағдарланған өңірлік кеңестің дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 30 наурыздағы №17 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

19. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі аймақтық комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №105 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

20. «Ақтөбе облысындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №352 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

21. «Адам саудасына байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі Аймақтық комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2011 жылғы 12 қазандағы №419 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

22. «Ақтөбе облысының терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 14 тамыздағы №154 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

23. №7 Зауыт сайлау округінен депутат Т.Ж.Талаеваның депутаттық сауалы туралы.

24. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Г. ЕРҒАЗИНА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА